

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 маусым N 762

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылы 9 сәуірде Ашғабат қаласында жасалған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі
арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 4, 40-құжат)
(1999 жылғы 29 шілдеде күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 86 бет)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі,
халықтарымыз тағдырларының ғасырлар бойғы тарихи ортақтығын негізге ала отырып және дәстүрлі мәдени байланыстарымыздың көп жылғы тәжірибесін ескере отырып,
өзара ынтымақтастықты бұдан әрі де кеңейтуге және нығайтуға ұмтыла отырып,
тең құқықтылық пен еріктілік принциптерін негізге ала отырып,
төмендегілер жөнінде келісті:

Тараптар мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастыққа және көпшіліктің екінші Тараптың мәдени құндылықтарымен әрі жетістіктерімен тікелей танысуына мүмкіндіктер жасайтын болады.

2 - Б а п

Тараптар өз құзырлығы шеңберінде театр, бейнелеу, эстрада және цирк өнері, кітапхана және мұражай істері, тарихи-мәдени мұралар объектілерін қорғау, халық көркемөнер шығармашылығы, халық кәсіпшілігі мен мәдени қызметтің басқа да түрлері саласында мәдени байланыстарды дамыту, мәдени алмасу мен ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

3 - Б а п

Тараптар өнер қайраткерлері мен мәдениет қызметкерлерінің бауырлас мәдениеттердің өзара ықпалдастығына бағыттталып, мемлекеттерде ұйымдастырылатын халықаралық семинарларға, конференцияларға, кездесулерге, фестивальдарға, жарыстарға қатысуына жәрдемдесетін болады.

4 - Б а п

Тараптар Қазақстан халықтары мен Түрікменстанда тұратын қазақтардың және Түрікменстан халықтары мен Қазақстанда тұратын түрікмендердің ұлттық мәдени мұраларының еркін әрі тең құқықты дамуының кепілдіктерін растайды.

5 - Б а п

Тараптар екі жақты жыл сайынғы мәдени ынтымақтастық бағдарламалары мен жобалары негізінде театрлар, көркемөнер ұжымдары мен орындаушылардың гастрольдерін ұйымдастыруға, ұлттық қор қоймаларына баспасөз өнімдерінің келісілген даналарын өзара жеткізуге, көркемөнер көрмелерімен және мұражай экспозицияларымен алмасуға жәрдемдесетін болады.

6 - Б а п

Тараптар оқушылардың, студенттердің, аспиранттардың оқу міндеттері мен шарттарын екі жақты негізде белгілей отырып, мәдениет және өнер оқу орындарында мамандарды өзара оқытуға және дайындауға барынша қолайлы режимді жасай отырып,

мәдениет және өнер мекемелері мен органдарының жұмыс істеу тәжірибесімен алмасуды үнемі жүргізіп отыратын болады.

7 - Б а п

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау мақсаттарында аталған объектілерді жеке бағдарламалар мен жобалар негізінде қорғау, сақтау, жаңғырту және пайдалануға бағытталған күш-жігер мен құралдарды үйлестіретін болады.

8 - Б а п

Тараптар Шығармашылық одақтар, қоғамдар мен қорлар мәдениет және өнер мекемелері, оқу орындары және рухани саладағы басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арасындағы тікелей байланыстарды дамытуға барынша мүмкіндік жасайтын болады.

9-Бап

Тараптар республикалардың мәдени өмірін, халықтардың тарихи байланыстарын, ынтымақтастық нәтижелерін жария ету мақсатында тиісінше қазақ және түрікмен радиосы мен теледидарына, бұқаралық ақпарат құралдарына тұрақты түрде ақпарат беріп отыратын болады.

10-Бап

Осы Келісімде қамтылған қызметтің барлық түрлері Тараптардың қолданыстағы заңдары мен өзге де нормативтік актерлеріне сәйкес келеді және жүзеге асырылады.

11-Бап

Осы Келісімге сәйкес Тараптар ынтымақтастықтың төмендегідей қаржылық шарттарын растайды.

Делегациялармен, шығармашылық ұжымдармен, көрмелермен

алмасу кезінде жіберуші Тарап қатысушылардың жолын, жүк, реквизит пен экспонаттар тасымалын екінші елдің астанасына дейін төлейді.

Қабылдаушы Тарап өз аумағында болу бойынша барлық шығындарды көтереді, мәдени бағдарламаны қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда медициналық көмек көрсетеді.

12-Бап

Осы Келісім Тараптардың басқа халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттеріне қатысы болмайды.

13-Бап

Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-Бап

Тараптар арасындағы даулар мен пікір алшақтықтары осы Келісім бойынша келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

1 5 - Б а п

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы мәлімдеме күнінен бастан күшіне енеді.

Келісім бес жыл мерзімге жасалды. Осы Келісімнің қолданысы егер Тараптардың бірде-бірі қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде алты ай бұрын екінші Тарапқа өзінің келісім күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша түрде хабарламаса, келесі бесжылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

Ашғабат қаласында 1999 жылғы 9 сәуірде әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данадан жасалады және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаттары үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

Қазақстан Республикасының Түрікменстанның
Президенті Президенті

Мамандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК